

## ҚАЗІРГІ МЕДИАМӘТІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМ МЕН ДИСФЕМИЗМНІҢ ЖҰМСАЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

\*Кобландина К.С.<sup>1</sup>, Есенова Қ.Ө.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: [koblandina.karlygash@mail.ru](mailto:koblandina.karlygash@mail.ru),

<sup>2</sup> ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: [kalbike\\_65@mail.ru](mailto:kalbike_65@mail.ru)

**Аңдатпа.** ХХІ ғасырда орын алған ақпараттық төңкеріс қоғам өміріне көптеген өзгерістер әкелді. Әсіресе саясат пен экономикада, әлеуметтік салада болып жатқан алуан түрлі оқиғаларға назар аудармау мүмкін емес. Адамзаттың цифрлы ақпараттық медиа-кеңістікке көшуі сөйлеу тәжірибесі мен оны зерттеуге деген көзқарастардың да жылдам өзгеретінін көрсетті. Ал қаламгерлер қауымы, журналшылар өткен әрбір күннің сенімді, толық және өзекті ақпараттық бейнесін қалыптастыруда үнемі алдыңғы қатарда болатыны белгілі. Сондықтан күнделікті қарым-қатынаста тіл қаншалықты маңызды болса, ол арқылы жеткізілетін ақпараттың барынша шынайы және оқырманға, тыңдарманға түсінікті болуы да соншалықты өзекті.

Жалпы журналистердің әлеуметтік маңызы бар ақпаратты жедел жеткізіп қана қоймай, оны объективті түрде түсіндіру, саралау, өзіндік пікірін білдіру, барынша ауқымды шолу жасау міндетін нәтижелі орындауына көмектесу бүгінгі таңда ерекше маңызды болып отыр. Бұл жерде ақпараттық технология өте қажет. Дегенмен, бүгінде өзін қоғамның саналы, зиялы әрі белсенді мүшесімін деп санайтын әрбір адамның (блогерлер, әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарды белсенді пайдаланушылар) кез келген ақпаратты бұрмалаудан аулақ болғаны жөн.

Зерттеу материалын жинау барысында жаппай іріктеу әдісі, БАҚ-тан алынған мәтіндерді интерпретациялау, сөздік анықтамаларын талдау, тілдік құбылыстарды бақылауды қамтитын кешенді сипаттамалы-аналитикалық әдіс қолданылады.

Зерттеудің ғылыми және практикалық құндылығы оның нәтижесінде жасалған тұжырымдарды қолданбалы мақсатта, яғни медиалингвистика, лингвоясаясаттану бойынша өткізілетін дәрістерде, стилистика мен мәтін лингвистикасынан жүргізілетін практикалық сабақтарда, арнайы курстарда, сондай-ақ оқу құралдарын құрастыруда пайдалануға болады.

Сонымен мәтінде эвфемизм, дисфемизм қызметін атқаратын тілдік бірліктің семантикалық шеңберін қарастыру арқылы сөздің жағымды яки жағымсыз әсері эвфемизм, дисфемизм мен денотат арасындағы ассоциативті сабақтастыққа негізделетіні айқындалды. Эвфемизм мен дисфемизмге мәнмәтіндік талдау жасау арқылы олардың саяси мәтіндегі прагматикалық әлеуеті оқырманның көзқарасын, пікірін, тіпті іс-әрекеті мен сенімін өзгертуге бағытталатынын байқатты, осылайша эвфемизм мен дисфемизм қоғам өмірінің саясат саласына қатысты маңызды қызмет атқаратыны айқындалды.

**Тірек сөздер:** медиамәтін, перифраза, эвфемия, дисфемия, тілдік құбылыс, ақпаратты бұрмалау, оң, теріс мәнді, бағалау

### Негізгі ережелер

Әлемдік ғылыми қауымдастық бүгінде қиын уақытты бастан кешуде. Бірақ кез келген дағдарыс ғылыми ойдың қозғаушы күшіне айнала алады. Бұл тұрғыдан алғанда ғылыми мақала тақырыбы өте өзекті сипатта, себебі қазір жеке тұлғалық, әлеуметтік және іскери қарым-қатынас жаппай желіге, яғни онлайнға ауысып жатыр. Ал қарым-қатынас ең алдымен тіл арқылы жасалады.

Дүние жүзіндегі халықтар әртүрлі мәдениетке жататын сан алуан тілде сөйлейді. Ұлттық тілдердің ғаламтор кеңістігіне өту барысында жаңа жағдайға бейімделуі лингвистикалық, мәдени, әдеби, психологиялық және бұқаралық ақпарат құралдарына арналған ғылыми зерттеулерге де елеулі өзгерістер енгізетіні даусыз. Демек, қарым-қатынасты тиімді өткізу қажеттілігі ойлар мен идеяларды тіл арқылы жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін табу қажеттілігін туындатады.

Біздің міндетіміз – өзекті мәселелерді талқылап, тілдік және коммуникативтік өзара әрекеттестіктің келешегін жаңаша пайымдауға ұмтылу. Бұл мәселеге тіл мамандары, қаламгерлер, жорналшылар, психологтар мен саясаттанушылар да өз деңгейінде атсалысуы қажет. Алайда негізгі идея – әрбір тілдік мәдениеттің өзіндік болмысын, ділі мен ерекшелігін, әлемнің ақпараттық бейнесін бұрмаламай, бастапқы ақпаратты, түпнұсқаны сақтай отырып, жалпыға ортақ, әмбебап коммуникацияны тиімді етіп қалыптастыруға саяды.

### **Кіріспе**

Кейінгі кезде бұқаралық ақпарат құралдарында саяси тақырыптар талқыланғанда авторлардың ерекше әсірелеу, даттау, әсіре мақтау позициялары шектен шығып кететіні, қарсыласын немесе кейіпкерін кекетіп, көпшілік алдында беделін түсіру үшін түрлі бейнелі оралымдарды қолдануы, жалпы сөз мәдениеті нормаларынан ауытқуға жол беретіні байқалады. Бұл мәселеге қатысты ғалым Қ.Есенова БАҚ тілінде прагматикалық әсері күшті болғанымен, эстетикалық тұрғыдан орынсыз қолданылған саяси мәтіндердің жұмсалмауын қадағалау қажет екенін айтады [1, 3 б.].

Бұл зерттеу қазіргі БАҚ мәтініндегі *эвфемия* және *дисфемия* құбылыстарын, оларды жүзеге асырудың негізгі жолы саналатын *перифразаны* зерделеуге арналған. Тіл білімі дамуының қазіргі кезеңінде бұқаралық қатысым, қоғамдық санаға сөз арқылы әсер ету мәселелерін зерттеуге қызығушылықтың артып отырғаны мәлім. Осымен байланысты, газет, радио, теледидар, электронды БАҚ тілі ғылыми зерттеулердің өзекті мәселесіне айналды. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіні сияқты пәнаралық зерттеу нысанына назар аударғанда, лингвистиканың әдіснамалық бағдарының – тілді имманенттік жүйеде қарастырудан тілді қолданушы адаммен тығыз қарым-қатынаста, оның рухани-тәжірибелік қызметімен, күллі іс-әрекетімен сабақтастықта зерттеуге қарай ойысуын айқын көрсетеді, мұның өзі тіл білімі аясының да едәуір кеңейгендігінің бір дәлелі іспеттес [2, 5 б.].

Жалпы медиамәтін ерекше прагматикалық бағыттағы материал ретінде тіл мамандарының жіті назарында, өйткені онда ауызша және жазбаша сөзжұмсамның барлық дерлік – риторикалық, ғылыми, поэтикалық, ауызекі

сөйлеу түрлерінің белгілері шоғырланған. Сонымен қатар лингвистикалық жаңалықтардың көрсеткіші және қазіргі кезеңде тілде болып жатқан үдерістерді зерттеуге мүмкіндік беретін материал болып табылады.

Медиамәтінді зерттеудегі негізгі бағыттардың бірі – жеке көркем сөз құралдарының қызмет ету ерекшеліктерін, олардың мәтін адресантының прагматикалық дйттемін жүзеге асырудағы рөлін қарастыру. Мұндай құралдарға медиамәтінде кеңінен қолданылып, тұтас мәтінді мазмұн және бағалау тұрғысынан түсіндірудің ерекшеліктерін айқындайтын *эвфемизмдер* мен *дисфемизмдер* жатады. Сондай-ақ эвфемия мен дисфемия қоғамда орын алатын сан түрлі саяси, мәдени-әлеуметтік өзгерістерге байланысты жүйелі түрде зерттелуі тиіс. Бұл өзгерістерді, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдарынан, яғни медиамәтіннен байқауға болады.

Біз тілді өзгелермен қарым-қатынас жасауда, төл мәдениетімізді дамытуда, түрлі ойындар барысында ойымызды жеткізудің тиімді құралы ретінде пайдалана отырып, үнемі өзгертеміз, яғни оны дамытушы рөлін де атқарамыз. Сонымен бірге тілдің табиғи таза қалпын сақтауын, мәнерлі болғанын қаласақ та, кейде оған теріс ықпал ететініміз жасырын емес, алайда мұны өзіміз байқай бермейміз. Осылайша филологиялық зерттеулерді басқа да қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың жетістіктерімен ұштастыру арқылы қазіргі әлемдегі рухани процестермен, аксиологиялық трансформациямен, адам, қоғам, мәдениет арасындағы өзара әрекеттестік мәселелерін қарым-қатынастың жаңа формаларына сүйене отырып зерттейтін әлеуметтік теориялардың жаңа парадигмаларын түсінуімен, өркениет дамуымен байланысты орын алып жатқан өзгерістерді зерттеудің ақпараттық әдістерін жасауға, әзірлеуге мүмкіндік аламыз.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Зерттеу жұмысында жинақтау, саралау әдістерімен қатар функционалды-семантикалық талдау, коммуникативті-прагматикалық талдау, этномәдени талдау әдістері, эвфемизм мен дисфемизмді когнитивтік талдау элементтері, сондай-ақ мәтінге контекстік талдау жасау әдістері қолданылды.

Ғылыми әдебиетте эвфемия мен дисфемия туралы Ә. Болғанбаев, Ә. Хасенов сынды көрнекті ғалымдардың пікірлері кеңінен қолданылады: қандай да бір сөз дәрекі естіліп, көңілге тиетін жағдайда басқа сөзбен алмастырылады, яғни мағынасы тұрпайы сөздің орнын сол ұғымды жұмсартып жеткізетін сыпайы сөз – *эвфемизм* басады (Ә. Болғанбаев). Оның табиғаты *табуға* жақын. Ол – бір затты, құбылысты, оқиғаны сыпайылап жеткізу; адамның көңіліне тимейтіндей, жұқалап айта білу тәсілі, мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Табу – түбінде жойылады, ал эвфемизм тілдің бейнелеуіш құралы ретінде болашақта түрлене бермек (Ә. Хасенов) [3, 329-330 бб.].

Профессор Ә. Болғанбаев эвфемизм тәсілімен сөз алмастырудың мынадай жолдарын көрсеткен: *адамның физикалық кемістігіне қатысты, ауру атаулары (дімкәс, құлағының мүкісі бар, т.б.); мағынасы айтушыға да, тыңдаушыға да жағымсыз естілетін, дәрекі сөздер (суық жүріс, бала*

*жсататын жер, белі жоқ т.б.); үйлену, тұрмыс құруға байланысты сөздер (қызын құтты орнына қондыру; баласын аяқтандыру, келін түсіру; аяғы ауыр); адамдар арасындағы жағымсыз қарым-қатынасқа қатысты сөздер (көңіліне алу; жасы ұлғаю; сөзге келу, бет жыртысу; аузы жеңіл; қалтасы жұқару; қалтасы тесік).*

Ғалымның алдағы уақытта сан түрлі эвфемизмдер туып қалыптасатыны [3, 330 б.] туралы пікірі әлі күнге өзекті. Оны қазіргі медиакөңістікте қолданылып жүрген сан алуан сөз өрнектерінен де көреміз.

Ғалым Б. Сағындықұлы эвфемизм сөздің ұғым-түсінігін сыпайылап әдемілейтінін, ал дисфемизм, керісінше, жағымды мағынаны дөрекілеп, қатайтатынын айтады [3, 332 б.]. Қазақ тіліндегі дисфемизмдерді А.Е. Мамаева диссертациялық деңгейде арнайы қарастырған [4].

Жалпы тіл білімінде эвфемизм стилистика, лексикология мен семантика аясында біршама зерттелген. Ал социолингвистикалық, когнитивтік аспектіде зерттеле бастағанына көп бола қойған жоқ. Олардың прагматикалық қырына да жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеген деуге болады. Жұмыстардың басым бөлігі сөздік материалдарына негізделгендіктен, нақты қолданыстан оқшау алынған, жалпылама сипатта болып келеді. Дегенмен соңғы ширек ғасыр көлемінде БАҚ тіліндегі эвфемизм мен дисфемизмдер қолданысын салғастырмалы аспектіде (негізінен, ағылшын тілімен салыстыру басым), прагматика тұрғысынан қарастыруға қызығушылық танытқан ғалымдардың көбейгені байқалады:

Л.В. Порохницкая [5], Т.В. Бойко [6], Н.А. Ванюшина [7], Е.С. Глиос [8], Ю.С. Баскова [9], Е.В. Кипрская [10] т.б.

## **Нәтижелер**

Қазіргі ғылыми парадигма кез келген тілдік бірлікті функционалдық аспектіде қарастыруға бағыттайды. Сондай-ақ бұл терминдер стилистика мен лексикологияда ұзақ уақыт қолданылып келгендіктен, эвфемия, дисфемия құбылыстарымен байланысты барлық мәселе бірдей толық түсінікті бола бермейді, сондықтан эвфемизмнің көптеген мәселесі даулы күйінде қалып отыр, ал дисфемия мәселесі енді ғана қолға алына бастады, яғни дисфемизмдер жүйелі түрде қарастыруды қажет етеді.

Осымен байланысты, мақала тақырыбының өзектілігі тілдегі адам факторының көрінісін зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен, кез келген тілдік құбылысты оның функционалдық жағына жүгінбей, яғни қолданысынан тыс алып зерттеудің толыққанды болмайтындығынан көрінеді, өйткені қандай да бір құбылыстың табиғатын ашу үшін оны өзі орындайтын міндеттер аясында қарастыру керек.

Қарқынды дамып келе жатқан когнитивтік-дискурстық парадигма эвфемия және дисфемия құбылыстарына жанаша қарауға мүмкіндік береді, олардың көптеген ерекшеліктері алдыңғы теориялар аясында байқалмай қалған болуы мүмкін. Аталмыш құбылыстардың теориялық тұрғыдан жеткілікті дәрежеде қарастырылмауы, сөзжұмсамда кең таралуы, бұқаралық қатысымдағы маңызды рөлі де бұл зерттеудің маңыздылығын айғақтайды.

Сонымен қазіргі медиамәтіндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдер зерттеу нысанына алынған бұл мақалада аталмыш тілдік құбылыстардың лингвостилистикалық және прагматикалық ерекшеліктерін талдауға талпыныс жасалады. Ол үшін алдымен мынадай мәселелерге назар аудару қажет: эвфемия және дисфемия құбылысын зерделеуде бұрын-соңды басшылыққа алынған негізгі ғылыми-зерттеу тәжірибесін жүйелеу; эвфемия, дисфемия ұғымдарының негізгі параметрлерін қазіргі лингвистикалық парадигма тұрғысынан бөліп көрсету; аталмыш тілдік құбылыстарды лингвистикалық дихотомия мүшелері ретінде сипаттау; эвфемизм мен дисфемизмнің стилистикалық әлеуетінің медиамәтінде жүзеге асу ерекшеліктерін анықтау; медиамәтіннің *ақпараттық, аналитикалық, публицистикалық және жарнамалық* түрлерінде қолданылатын эвфемизм мен дисфемизм қызметінің прагматикалық ерекшеліктерін талдау.

### Талқылау

Медиакеңістікке жасалған шолу соңғы жылдары әлемдік деңгейдегі геосаяси ахуалдың нашарлауына байланысты БАҚ-та да қоғамдық сананы бұрмалаудың сан түрлі үлгісі пайдаланылып келе жатқанын көрсетеді. Әсіресе, пандемия кезінде таралған сан түрлі ақпараттың қарама-қайшылыққа толы болғаны мәлім. Елімізде орын алған қаңтар трагедиясына қатысты жарық көрген мәтіндердегі мәліметтердің де белгілі бір бөлігі шындыққа жанаспайды десек, қателеспейміз. Іле-шала дүниежүзілік қауымдастықтың назарын аударып, наразылығын тудырған Ресей мемлекетінің Украинаға жасаған *арнайы операциясы* халықаралық қатынастарды тіпті шиеленістіріп жіберді деуге негіз бар. Мұншалықты қиын-қыстау жағдайдың салдарынан қалыптасқан экономикалық дағдарыс, оның заңды жалғасы ретінде күрт нашарлаған әлеуметтік жағдай.

Әлем халқын аландатқан осындай келеңсіз оқиғалар, әлбетте, медиакеңістікте кеңінен талқыланып жатады. Әрбір оқиғаға қатысты өз пікірін білдіру, баға беру және келешекке болжам жасау мақсатымен көптеген авторлар БАҚ-та сан қилы материалдарын жариялады. Онда эмоционалды-экспрессивтік сипаттағы мәтіндер де жетерлік. Біз солардың кейбіріне тоқталамыз. Мысалы, [bugin.kz](http://bugin.kz) сайтында жарияланған Қымбат Сламбектің шетел баспасөзіне жасалған шолуында осы мақаланың зерттеу нысанына алынған эвфемизм, дисфемизмге біршама мысал кездеседі. Украинаға қатысты *әскери шара* басталғалы бері әлем жұртшылығының Ресей басшысына деген пікірінің күрт өзгергенін, тіпті бұрын достық пейілде болған мемлекет басшыларының көзқарасы толығымен теріс сипатта екені материалдың тақырыпатынан-ақ көзге түседі:

«Путин ақыл-есінен айырылды – БАҚ»

РФ президенті В.Путиннің Украинаға әскери операция бастауын *ақымақтық, алжасу, ақыл-есі кем адамның ісі* деген сынайдағы пікірлер көбейді.

Guardian басылымы «Путиннің дәл Еуропа түбінде соғыс бастауы – ақымақ іс. Батыс елдерінің басшылары мұны психикасы нашарлаған адамның әрекеті деп бағалауда» [11].

Мәтін үзіндісіндегі мемлекет басшылары келіссөзді өте қатулы, шиеленісті күйде өтті деп бағалауында негатив сипаттың басым екені анық байқалады.

Ал Еуропарламент мүшесі Б. Гетта ресми іскери сөзжұмсамға тән сыпайылық белгісін сақтап, сөз әдебінен озбайды:

«Ресей әскері арнайы операция бастаған тұста мен бұл адам шынымен шындықты жоғалтып алған кісі екен деп ойладым. Мұның өзін жұмсартып айтып отырмын», - деп пікір білдірген. «Путинді ақыл-есінен айырылды деуге келе ме?» деген сұраққа Гетта иә деп жауап берген.

«Чех президенті М.Земан – РФ президентінің басқыншылық бастағанын естігенде «ақылынан адасқан екен» деп таң қалған» деген үзіндідегі курсивпен берілген теріс мәнді бағалауды эвфемизмге де, дисфемизмге де жатқызуға болады.

Алмания саясаттанушысы Х. Шрёдер 2014 ж. Ресей Қырымды басып алған кезде «Путин шынайы өмірден қол үзіп қалған адам» деп бағалаған еді. Неміс ғалымының бұл сөзі эвфемизмге нақты мысал болады.

Мәтіннің келесі ақпараттық бөлігінде қойылған *Ресейде қанша ядролық қару бар?* деген сұрақ арқылы автор көпшілік көкейіндегі түйіткілді мәселені көтереді. Оған берілген жауап та көңіл құлазытарлық екені белгілі:

«Ресейде 5977 ядролық оқтұмсық бар екен. Америкада қару бұдан аз. Мамандардың болжауынша, ядролық қару арсеналының басым бөлігі Донбаста орналасқан сыңайлы.

Мұндай адамның диспатикалық ауруға ұшырауы, ақыл-есінен айырылуы жақсы емес деген бағалау мәнді тұжырым, әрине, дүниежүзілік қауымдастықтың алаңдаушылығын күшейтеді.

«Ядролық қаруды ешкім қолданбайды деуге келмейді. Жағдай әп-сәтте бақылаудан шығып кетуі гажап емес», - дейді АҒФ маманы Х.Кристенсен...» [12] деп аяқталған шолу оқырманды бей-жай қалдырмасы анық, тіпті көңілдегі қауіпті қоюлата түседі. Ақпараттық-аналитикалық мәтін авторы көздеген діттемі де осы болса керек.

Сайт материалындағы *ақымақ іс» психикасы нашарлаған адамның әрекеті, шындықты жоғалтып алған кісі, ақылынан адасқан, шынайы өмірден қол үзіп қалған адам, диспатикалық ауруға ұшырау, ақыл-есінен айырылу сияқты перифразалар жоғарыда айтылған эвфемизм мен дисфемизмнің лингвистикалық табиғатының ортақтығы туралы пікірді қуаттай түседі. Бұл ойымызды ақпараттық кеңістіктен жиналған басқа да мысалдармен нақтылауға болады:*

Путин ақылынан адасты ма, әлде қулық жасап отыр ма?

Сарапшылар ол расымен де есінен ауысқан шығар деген болжам жасайды.

Байгұстың миы жұмыс істеуден қалды. Ол шизофрения дертіне шалдыққан. Бұл – медициналық тексеруді қажет ететін жағдай. Мұндай

адамға *жүйкесін тыныштандыратын дәрі-дәрмек беріп, қоғамнан алыақтату керек...*

Бірақ ол соңғы он бес жылда *айлакер саясаткер* ретінде де танылды, сондықтан бақылаушылардың көбі *ол есуас емес*, алды-артын ойлап, есеппен осындай әрекетке барды... деп санайды [12].

Бұл мәтін арқылы зерттеушілердің саясаткер өз іс-әрекетінің астарында жатқан түпкі мақсатын жасыру үшін, оған қатысты бүкіл ақпаратты бұрмалап, өңін айналдырып ұсыну тәсіліне жүгінетіні жөніндегі пікірі нақтылана түседі. Сондықтан да әлем жұртшылығының арасында Путинді *есуас* деушілер де, *айлакер* санаушылар да болуы – заңдылық.

Оның іс-әрекетінен кейін *осының бәрін ақылға сүйеніп істеп жүр ме?* деген сұрақ туды.

Ресей оппозиционері Б. Немцов 2014 жылғы сәуірде В.Путинді *ақыл-есі дұрыс емес* деген болатын. Арада жеті жыл өткенде ол Украинаға қарсы еш себепсіз соғыс бастағанда жұртты *Осының ақыл-есі дұрыс па?* деген сұрақ қайта мазалай бастады.

Бұл басқыншылық оның *шешімді құбылмалы эмоцияға салынып және өз ақылымен я ессіздікпен қабылдайтынын* аңғартқандай болды.

*...Ол өзін ақылға сүйеніп әрекет жасап жатырмын деп ойлайды.*

Содан бері ол *өзінің ақыл-есі дұрыс па?* деген сұраққа негіз болатын бірнеше мәлімдеме жасап үлгерді.

Путинді отыз жылдан бері білетін саясаткер, АҚШ-тың Ресейдегі елшісі болған М. Макфол: *«Ол шынайы өмірден мүлде қол үзгендей әсер қалдырады. Дені сау емес сияқты»* деп жазды [13].

Осы тұста қазіргі ағылшын тіліндегі эвфемиздер мен дисфемизмдердің парадигматикалық қатынастары мен семантика-прагматикалық ерекшеліктерін арнайы қарастырған зерттеуші Т.Н. Абакованың саяси сала мәтіндеріндегі эвфемизм мен дисфемизм нақты факті туралы ақпаратты өзгерту, бұркемелеу немесе жасыру, біреуді оң немесе теріс жағынан әшкерелеу мақсатында ақпаратты алушыға суггестивті әсер ету үшін жұмсалатыны туралы пікіріне толық қосыламыз. Ғалым эвфемизм, дисфемизмдердің шындықты жасырудан басқа: *манипуляция, баса назар аударту, өзін-өзі қорғау және дискредитация* қызметтерін атқаратынын айтады. Яғни олар саяси дискурс стратегияларына тән тактика арқылы жүзеге асырылады екен. Мұнда ескеретін бір жайт *шындықты бұркемелеу және өзін-өзі қорғау/ақтау* қызметтерін мәнінің ерекшелігіне қарай эвфемизмдер ғана атқаратындығы [14].

Сонымен саясат саласына қатысты мәтіндердегі эвфемизмдер мен дисфемизмдерді қолданудағы ең ұтымды тәсіл – кез келген тілдің лексикалық құрамындағы сөздерді ауыспалы мәнде жұмсау, яғни *перифразалау* екеніне көз жеткіздік.

Жалпы соңғы ширек ғасыр көлемінде әлемде орын алып жатқан түрлі соғыстарды медиакеңістікте *антитеррорлық операция, бітімгершілік операция, гуманитарлық операция, жаппай қырып-жою қаруын табу операциясы, сыпырып алу операциясы* деп атау, ал өзге елге шабуыл жасаған,

сөйтіп талай қантөгіске себеп болған басқыншылар әскерін жұртшылыққа *коалициялық күштер, азат етуші күштер* ретінде таныстыру үйреншікті үрдіске айналғанын көреміз. Осындай қолданыстарды *саяси эвфемизмдер* қатарына жатқызамыз.

Батыс баспасөзінде кеңінен талқыланатын тақырыптың бірі саясат болғандықтан, ағылшын тіліндегі мәтіндерде дисфемизм атқаратын қызметтерді зерттеушілер былайша санамалап көрсеткен: жазғыру, қорлау, қорқыту, кейіпкердің немесе субъектінің әлеуметтік мәртебесін төмендету; ұсынылған ақпаратқа қатысты оны қабылдаушы аудиторияның жағымсыз эмоциясын туғызуға әрекеттену функциясы. Осы тұста мына мысалға назар аударғанымыз жөн:

The Trump administration wants *regime* change in Iran (Washington Post) - Трамп әкімшілігі Ирандағы *режимнің* ауысқанын (өзгергенін) қалайды.

Келтірілген мысалдағы *режим* сөзі батыста өздерімен достық қарым-қатынас орнатпаған, яғни жауласу позициясындағы мемлекетке, ондағы саяси ахуалға қатысты әңгіме қозғалғанда дисфемизм ретінде, яғни баяндалып отырған жайтқа қатысты аудиторияның теріс көзқарасын тудырып, жағымсыз пікір қалыптастыру үшін жиі жұмсалады екен. Ал егер мәтінде өздерімен саяси қарым-қатынасы жақсы, достық ниеттегі, пікірлес елдегі саяси жағдайды сипаттау қажет болса, батыс баспасөзі *үкімет* терминін қолдануға бейім болатыны қалыптасқан нормаға айналса керек [15]. Демек, ағылшын сөзжұмсамында *режим* және *үкімет* сөздерінің мағыналық реңкі стиль тұрғысынан нақты ажыратылып, ара жігі айқындалған деуге болады.

Қазақ тілінде мемлекетте қалыптасқан саяси билікті жүзеге асыруға қолданылатын әдіс-тәсілдер жиынтығы және қоғамдағы еркіндік деңгейі *саяси режим* деп түсініледі. Ол *демократиялық* және *антидемократиялық* болып бөлінеді: біріншісінде азаматтардың құқығы мен еркіндігіне кепілдік беріледі, саяси мәселелер ашық талқыланып, биліктің бір адамның қолында болуына жол берілмейді. Ал *тоталитаризм* мен *авторитаризм* үстемдік ететін екіншісінде адам өмірінің барлық саласы, БАҚ, экономика тегіс мемлекет бақылауында болады. Сөз бостандығы, оппозиция болмайды, жеке басқа табынушылық болады. Мұндай саяси режимге қатысты тілімізде *әміршілдік-әкімшілдік жүйе* деген қолданыс қалыптасқаны мәлім.

Сонымен мақаламызда келтірілген мысалдар әлем жұртшылығының саяси өміріндегі, қоғамдағы түрлі оқиғалар жаңа эвфемизмдер мен дисфемизмдердің пайда болуына негіз болатынын және түрлі қызмет атқаратынын көрсетеді. Осылайша, аталмыш құбылыстарды қоғамда болып жатқан, оның дамуына оң немесе теріс әсер ететін барлық өзгерістерді анық көрсететін, яғни социумның көңіл күйін барынша дәл сипаттайтын әлеуметтік индикатор ретінде тануға болады. Сондықтан да оларды әрі қарай зерттеу қажеттілігі даусыз.

## Қорытынды



Жоғарыда баяндалған ой-пікірлерді түйіндей келе, медиакеңістіктегі эвфемизмдер мен дисфемизмдер қолданысына қатысты мынадай тұжырымдар жасауға болады.

Эвфемизм мен дисфемизм лингвистикалық дихотомияны құрайды. Яғни олардың жасалуына негіз болатын ортақ тілдік тетік – перифраза. Бастапқы және олардан туындайтын кейінгі нәтиже ретіндегі атаулар (эвфемизм, дисфемизм) мағынасының когнитивтік компоненті сақталады, алайда атаулар білдіретін мағынаның прагматикалық компоненті ерекшеленеді. Бұл атауларды қарама-қарсы қоюға мынадай белгілері негіз болады: *біріншіден*, мағынаның эмоционалды-бағалауыштық белгісі қарама-қарсы бағытта болады (эвфемизм – оң, жағымды, дисфемизм – теріс, жағымсыз мән тудырады); *екіншіден*, эвфемизм мен дисфемизмнің туындауы және қолданылуы сөз иесінің өзара қарама-қарсы прагматикалық әсерге қол жеткізуге бағытталған ниетіне байланысты: автор эвфемизм көмегімен жағымсыз әсерді солғындатуды, әлсіретуді көздесе, дисфемизм арқылы жағымсыз әсерді күшейте түсуге, қарқындандыруға тырысады.

Лексикалық бірліктің эвфемистік не дисфемистік сипаты сөздің өзіндік, нақты тілдік сипаты емес, ол жұмсалым деңгейінде жасалады. Эвфемизм мен дисфемизм белгілі бір контекст шеңберінде аңғарылады, ал оның параметрлері өзгерген кезде сөздің эвфемистік немесе дисфемистік сипаты жойылады. Егер қандай да бір лексикалық бірлік эвфемизм ретінде жиі жұмсала берсе, ол сөздікке енгізілу арқылы тұрақтанады.

Ақпараттық мәтінде эвфемизмдер стильдік жағынан ойды білдірудің бейтарап құралы болады, белгілі бір тілдік ұжымға тән әлем туралы білімді бекітудің бейтарап және қолайлы тәсілі ретінде тек атауыштық қызметте қолданылады. Медиамәтіннің бұл түрінде тіл ұстанушылардың санасында табиғи жолмен, саналы түрде, әдейі қалыптастырылып, орныққан ұжымдық ұғым-түсініктердің тілдегі көрінісі болатын, екіжақты түсінілетін эвфемизмдер мен саяси тұрғыдан дұрыс деп танылатын эвфемизмдер қолданылады. Мәтіннің бұл түрінде дисфемизм қолданылмайды.

Медиамәтінде эвфемизм, дисфемизм – мәтін авторының жеке көзқарасын сөзбен жеткізуге мүмкіндік беретін ең қолайлы тәсіл.

Ақпараттық мәтінде эвфемизм, дисфемизмдерді қолданудың негізгі прагмалингвистикалық ерекшелігі жұртшылық назарына ұсынылған оқиғаға, алдын ала анықталып қойған, белгілі бір эмоционалды-бағалауыштық көзқарасты қалыптастыруға бағытталғандығынан көрінеді.

Аналитикалық мәтінде эвфемизм мен дисфемизмдерді қолдану дұрыстығы мен негізділігіне адресаттың көзін жеткізу үшін адресант ойының субъективті интерпретациялық мәнін білдіруге бағытталған болады.

Сонымен мәтінде эвфемизм немесе дисфемизм қызметін атқаратын сөздің не сөз тіркесінің семантикалық құрылымын зерттеу нәтижесінде тілдік бірліктің жағымды, жағымсыз әсері эвфемизм/дисфемизм мен денотат арасындағы ассоциативті байланыстарға негізделеді екен.

Жоғарыда жасалған контекстік талдау саяси мәтіндердегі эвфемизм мен дисфемизмдердің прагматикалық әлеуеті ақпаратты қабылдаушы адамның

пікірін, бағалауын, мінез-құлқын, сенімін өзгертуге ықпал етуге бағытталатынын көрсетті. Медиакөңістіктегі материалдарды саралау нәтижесінде эвфемизм мен дисфемизмдер қоғам өмірінің, әсіресе, саясат саласына қатысты маңызды қызмет атқаратыны айқындалды.

Осылайша медиамәтінді автордың прагматикалық ұстанымын жанамалай жеткізуге шексіз мүмкіндік беретін эвфемизмдер мен дисфемизмдер жасалуына негіз болатын сөзжұмсамдық бірлік ретінде зерттеудің маңыздылығы анықталады және оны перифразамен сабақтастықта қарастырудың берері мол.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Есенова Қ. Лингвоясаясаттануға кіріспе. – Алматы, 2017. – 258 б.
- [2] Зильберт Б.А. Тексты массовой информации. – Саратов: Изд-во СГУ, 1991. – 80 с.
- [3] Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. – Алматы: Үш қиян, 2009. – 504 б.
- [4] Мамаева А. Е. Қазақ тіліндегі дисфемизмдер. Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 125 б.
- [5] Порохницкая Л.В. Культурологические и когнитивные принципы эвфемии в современном английском языке. Дис. ... канд. филол. наук. – М., 2004. – 195 с.
- [6] Бойко Т.В. Эвфемия и дисфемия в газетном тексте. Дис. ... канд. филол. наук. – СПб., 2005. – 206 с.
- [7] Ванюшина Н. А. Семантическая и прагматическая характеристики эвфемизмов в современных немецких и российских печатных СМИ. Дисс. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2011. – 231 с.
- [8] Глиос Е. С. Лингвокультурная специфика формирования и функционирования эвфемизмов в современном английском языке: на материале англоязычных интернет-сайтов. Дисс. ... канд. филол. наук. – Белгород, 2007. – 187 с.
- [9] Баскова Ю. С. Эвфемизмы как средство манипулирования в языке СМИ: на материале русского и английского языков. Дисс. ... канд. филол. наук. – Краснодар, 2006. – 162 с.
- [10] Кипрская Е.В. Политические эвфемизмы как средство камуфлирования действительности в СМИ: На примере конфликта в Ираке 2003-2004 гг. Дисс. ... канд. филол. наук. – Киров, 2005. – 159 с.
- [11] Slyambek Q. Путин ақыл-есінен айырылды. 25.02.2022. <https://bugin.kz/23654-putin-aqyl-esinen-ayyryldy-%E2%80%93-baq>
- [12] Путинді «есуас» көруші де, «айлакер» санаушы да бар. 05.03.2014. [www.azattyq.org](http://www.azattyq.org)
- [13] «Есі дұрыс па?» Путиннің сөзі мен ісінен соң жұртты мазалаған сұрақ. 02.03.2022. [www.azattyq.org](http://www.azattyq.org)
- [14] Абакова Т.Н. Парадигматические отношения и семантико-прагматические особенности эвфемизмов и дисфемизмов современного английского языка: на материале текстов британской прессы. Дис. ... канд. филол. наук. – Саратов, 2007. – 144 с.
- [15] Faizullova M.R., Bortnikov V.I. Functional aspect of euphemisms and dysphemisms on the material of modern english media [https://elar.uurfu.ru/bitstream/10995/72002/1/978-5-91256-441-3\\_2019\\_017.pdf](https://elar.uurfu.ru/bitstream/10995/72002/1/978-5-91256-441-3_2019_017.pdf)

## REFERENCES

- [1] Esenova Q. Lingvosaiasattanuğa kırıspe (Introduction to Linguistics). Almaty. 2017. P. 258. [In Kaz.]
- [2] Zil'bert B. A. Teksty massovoi informatsii (Mass texts information). Saratov: İzd-vo SGU. 1991. P. 80. [In Rus.]
- [3] Saғыndyqūly B. Tañdamaly tuyndylar (Selected works). Almaty. Üş qian. 2009. P. 504. [In Kaz.]
- [4] Mamaeva A. E. Qazaq tilindegi disfemizmder (Dysphemisms in the Kazakh language). Filol. ğyl. kand. ... diss. Almaty. 2007. P. 125. [In Kaz.]
- [5] Porokhnitskaya L.V. Kul'turologicheskie i kognitivnye printsipy evfemii v sovremennom angliiskom yazyke (Cultural and cognitive principles of euphemism in modern English). Dis. ... kand. filol. nauk. M., 2004. P. 195. [In Rus.]
- [6] Boiko T.V. Evfemiya i disfemiya v gazetnom tekste (Euphemia and dysphemism in newspaper text). Dis. ... kand. filol. nauk. SPb. 2005. P. 206. [In Rus.]
- [7] Vanyushina N. A. Semanticheskaya i pragmaticheskaya kharakteristiki evfemizmov v sovremennykh nemetskikh i rossiiskikh pechatnykh SMI (Semantic and pragmatic characteristics of euphemisms in modern German and Russian print media). Diss. ... kand. filol. nauk. Volgograd. 2011. P. 231. [In Rus.]
- [8] Glios E. S. Lingvokul'turnaya spetsifika formirovaniya i funktsionirovaniya evfemizmov v sovremennom angliiskom yazyke: na materiale angloyazychnykh Internet-saitov (Linguistic and cultural specifics of the formation and functioning of euphemisms in modern English: on the material of English-language Internet sites). Diss. ... kand. filol. nauk. Belgorod. 2007. P. 187. [In Rus.]
- [9] Baskova Yu.S. Evfemizmy kak sredstvo manipulirovaniya v yazyke SMI: na materiale russkogo i angliiskogo yazykov (Euphemisms as a means of manipulation in the language of the media: on the material of Russian and English languages). Diss. ... kand. filol. Nauk. Krasnodar. 2006. P. 162. [In Rus.]
- [10] Kiprskaya E. V. Politicheskie evfemizmy kak sredstvo kamuflirovaniya deistvitel'nosti v SMI: Na primere konflikta v Irake 2003-2004 gg (Political euphemisms as a means of camouflaging reality in the media: On the example of the conflict in Iraq in 2003-2004). Diss. ... kand. filol. nauk. Kirov. 2005. P. 159. [In Rus.]
- [11] Slyambek Q. Putin aqyl-esinen aiyrlydy (Putin has lost his mind). 25.02.2022. <https://bugin.kz/23654-putin-aqyl-esinen-ayryldy-%E2%80%93-baq>
- [12] Putindi «esuas» köruşi de, «ailaker» sanauşy da bar (There are those who see Putin as "crazy" and as "cunning"). 05.03.2014. [www.azattyq.org](http://www.azattyq.org)
- [13] "Esı dūrys pa?" Putinniñ sözi men ısınen soñ jūrty mazalağan sūraq ("Are you sane?" This is a question that worries people after Putin's words and deeds). 02.03.2022. [www.azattyq.org](http://www.azattyq.org)
- [14] Abakova T. N. Paradigmaticheskie otnosheniya i semantiko-pragmaticheskie osobennosti evfemizmov i disfemizmov sovremennogo angliiskogo yazyka: na materiale tekstov britanskoi pressy (Paradigmatic relations and semantic-pragmatic features of euphemisms and dysphemisms in modern English: based on the texts of the British press). Dis. ... kand. filol. nauk. Saratov. 2007. P. 144. [In Rus.]
- [15] Faizullova M.R., Bortnikov V.I. Functional aspect of euphemisms and dysphemisms on the material of modern english media. [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/72002/1/978-5-91256-441-3\\_2019\\_017.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/72002/1/978-5-91256-441-3_2019_017.pdf)

## **ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭВФЕМИЗМОВ И ДИСФЕМИЗМОВ В СОВРЕМЕННОМ МЕДИАТЕКСТЕ**

\*Кобландина К.С.<sup>1</sup>, Есенова Қ.Ө.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup> PhD докторант Казахского Национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Республика Казахстан,

e-mail: [koblandina.karlygash@mail.ru](mailto:koblandina.karlygash@mail.ru),

<sup>2</sup>доктор филологических наук, профессор Казахского Национального педагогического университета имени Абая,

Алматы, Республика Казахстан,

e-mail: [kalbike\\_65@mail.ru](mailto:kalbike_65@mail.ru)

**Аннотация.** Информационная революция в XXI веке внесла множество изменений в жизнь общества. Невозможно не обратить внимание на различные происходящие события, особенно в политике, экономике и социальной сфере. Переход человечества в цифровое информационное медиапространство показал, что практика речи и подходы к его изучению также быстро меняются. Известно, что писатели и журналисты всегда находятся в авангарде борьбы за создание достоверного, полного и актуального информационного образа каждого дня. Следовательно, насколько огромное значение в повседневном общении имеет язык, так и информация, передаваемая через него, должна быть максимально достоверной и понятной читателю или слушателю.

В целом помощь журналистов в оперативном донесении социально значимой информации, а также в ее объективном разъяснении, дифференциации, выражении собственного мнения, эффективном выполнении задачи более широкого обзора сегодня становится особенно важной. Информационные технологии здесь крайне необходимы. Однако сегодня каждому, кто считает себя сознательным, интеллигентным и активным членом общества (блогеры, активные пользователи социальных сетей и интернет-ресурсов), следует избегать искажения любой информации.

В процессе сбора материала исследования использовался комплексный описательно-аналитический метод, включающий метод сплошной выборки, интерпретацию текстов из СМИ, анализ словарных определений, наблюдение языковых явлений. Научная и практическая ценность исследования заключается в том, что выводы, полученные в результате анализа, могут быть использованы в прикладных целях, т. е. на лекциях по медиалингвистике, практических занятиях по стилистике и лингвистике текста, специальных курсах, а также при составлении учебных пособий. При рассмотрении семантических рамок языковой единицы, выполняющей функции эвфемизма, дисфемизма в тексте, было установлено, что положительное или отрицательное влияние слова основано на ассоциативной преемственности между эвфемизмом, дисфемизмом и денотатом. Посредством контекстуального анализа эвфемизма и дисфемизма было отмечено, что их прагматический потенциал в политическом тексте направлен на изменение взглядов, мнений, даже действий и убеждений читателя, тем самым было установлено, что эвфемизм и дисфемизм выполняют важную функцию в отношении сферы политической жизни общества.

**Ключевые слова:** медиатекст, перифраза, эвфемия, дисфемия, языковое явление, искажение информации, оценка, положительное и отрицательное значения

## **USAGE FEATURES OF EUPHEMISM AND DYSPEMISM IN MODERN MEDIA TEXT**

\*Koblandina K.S.<sup>1</sup>, Yessenova K.O.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>PhD doctoral student of Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan,

e-mail: [koblandina.karlygash@mail.ru](mailto:koblandina.karlygash@mail.ru),

<sup>2</sup>doctor of philological sciences, professor of Abai Kazakh National  
Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: [kalbike\\_65@mail.ru](mailto:kalbike_65@mail.ru)

**Abstract.** The information revolution of the XXI century has brought many changes in the life of society. It is impossible not to pay attention to the various events taking place, especially in politics, economics and the social sphere. Mankind's transition to the digital information media space has shown that the practice of speech and attitudes to its study are also changing rapidly. It is known that the community of writers and journalists is always at the forefront of the struggle to create a reliable, complete and up-to-date information image of each passing day.

Therefore, the more important the language in everyday communication, the more relevant and understandable the information conveyed through it to the reader or listener.

In general, it is especially important today to help journalists not only to quickly deliver socially important information, but also to objectively interpret it, analyze, express their views, effectively perform the task of providing the widest coverage. Information technology is very important here. However, today everyone who considers himself a conscious, intelligent and active member of society (bloggers, active users of social networks and Internet resources) should avoid distorting any information.

In the process of collecting research material, a comprehensive descriptive and analytical method is used, including the method of mass selection, interpretation of texts from the media, analysis of dictionary definitions, observation of linguistic phenomena. The scientific and practical value of the research lies in the fact that the resulting conclusions can be used for applied purposes, i.e. at lectures on media linguistics, linguistics, practical classes on stylistics and linguistics of the text, special courses, as well as in the preparation of textbooks. Thus, considering the semantic framework of a linguistic unit that performs the functions of euphemism, dysphemism in the text, it was found that the positive or negative influence of the word is based on associative continuity between euphemism, dysphemism and denotation. Through contextual analysis of euphemism and dysphemism, it was noted that their pragmatic potential in the political text is aimed at changing the views, opinions, even actions and beliefs of the reader, thereby it was established that euphemism and dysphemism perform an important function in relation to the sphere of politics of society.

**Keywords:** media text, paraphrase, euphemism, dysphemism, linguistic phenomenon, distortion of information, evaluation, positive and negative evaluation

*Статья поступила 27.09.2022*